



БҰЙРЫҚ

06.02.2018

Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

№ *78*

город Ақтау

Банкроттықты басқарушыны тағайындау туралы

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңына сәйкес және 2018 жылдың 2 ақпанындағы «Жаңа Құрылыс Ақтау» ЖШС-нің кредиторлар жиналысы шешімінің негізінде,

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жаңа Құрылыс Ақтау» ЖШС-не АМАНҚАЛИЕВ НҰРЛЫБЕК САНИФАҰЛЫ банкроттықты басқарушы болып тағайындалсын;
2. Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының талаптарына сәйкес банкроттықты басқарушының міндеттемесін орындау Н.С.Аманқалиевке жүктелсін;
3. Банкроттықты басқарушы Н.С.Аманқалиев Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 19-бабы 4 тармағының талаптарын орындауды және банкроттық рәсімдерінің жүргізілу барысы туралы ақпаратты, растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей беруді қамтамасыз етсін;
4. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалау Мемлекеттік кірістер департаментінің Борыштармен жұмыс басқармасының Оңалту және банкроттық бөлімінің басшысы Ә.Ә. Әкімбаевқа жүктелсін;
5. Осы бұйрықтың бір данасы «Жаңа Құрылыс Ақтау» ЖШС-нің банкроттықты басқарушысы Н.С. Аманқалиевке жолдансын.

Басшы

[Signature]



Ә.Тілегенов